

Разработанное нами методическое пособие «Адаптивное фигурное катание для детей с расстройствами аутистического спектра» активно применяется в тренировочном процессе школы фигурного катания «Skate & Fly». Наблюдается положительная динамика развития устойчивых поведенческих, социальных, психофизических навыков у детей с РАС.

Таким образом, адаптивное фигурное катание выступает средством для коррекционно-развивающей работы по формированию сенсомоторной координации у детей с РАС. Физическая нагрузка, познавательная задача и игровая мотивация объединяются в единый процесс обучения, обеспечивая более устойчивое усвоение навыков по сравнению с изолированными занятиями.

#### Литература:

1. Кудайбергенова Г.К., Ерсарина А.К., Алмазова Т.Н. Современные методы диагностики нарушений сенсомоторного развития детей дошкольного возраста / Г.К. Кудайбергенова, А.К. Ерсарина, Т.Н. Алмазова // ҚазҰУ Хабаршысы. Серия психологии және әлеуметтану. - 2021. - № 2 (75). - С. 43-52. - URL: <https://bulletin-psy.soc.kaznu.kz/index.php/1-psy/article/view/643> (дата обращения: 11.02.2026).
2. Семенович А.В. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте. - М.: Академический проект, 2016. - 384 с.
3. Сопов В.Ф., Шакирова А.В. Организация процесса обучения фигурному катанию детей с расстройствами аутистического спектра. / В.Ф. Сопов, А.В. Шакирова // Аутизм и нарушения развития, 2019, Т. 17, № 4. - URL: [https://psyjournals.ru/autism/2019/n4/sopov\\_shakirova\\_full.shtml](https://psyjournals.ru/autism/2019/n4/sopov_shakirova_full.shtml) (дата обращения: 11.02.2026).
4. Черепанова И. О., Дунаев К. С., Таланцев А. Н., Климашин И. А. Адаптивное фигурное катание - вопрос развития координационных способностей у детей с ДЦП / И.О. Черепанова, К.С. Дунаев, А.Н. Таланцев, И.А. Климашин // Адаптивная физическая культура. -2022. -Т. 92, № 4. -С. 36–38. -URL: <https://istina.ips.ac.ru/publications/article/565965013/> (дата обращения: 11.02.2026).
5. Шакирова А. В. Аутизм и спорт. Методика обучения фигурному катанию на коньках как средство абилитации детей с расстройствами аутистического спектра: монография / А. В. Шакирова // - Москва: Спорт, 2019. - 112 с.

**Сулейменова И.А.**, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, педагогика факультеті, СП-25-К тобы, магистрант.

*(Ғылыми жетекші — философия докторы (PhD), доцент Алпысбаева Мадина Борамбаевна)*

### **ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ОЙЫН ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТҮЗЕТУ БОЙЫНША ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазіргі кезеңде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуымен бірге психикалық дамуы тежелген (ПДТ) мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін түзету мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. ПДТ балалар орталық жүйке жүйесінің функционалдық жетілмеуімен, танымдық процестердің баяу дамуымен, эмоционалдық-еріктік саланың тұрақсыздығымен сипатталады [1, 24-28б].

Қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балаларды кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Ғылыми деректерге сүйенсек, ПДТ балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстар орталық жүйке жүйесінің функционалдық жетілмеуімен және танымдық процестердің жеткіліксіз дамуымен байланысты көрінеді [4, 27 б.]. Сонымен қатар олардың сөздік қорының шектеулілігі мен грамматикалық құрылымдарды меңгеруінің баяулығы логопедиялық арнайы ықпалды қажет етеді [1, 52 б.].

Мектеп жасына дейінгі кезең – сөйлеу тілінің қарқынды қалыптасу сатысы. Бұл кезеңде фонематикалық қабылдау, дыбыстық мәдениет, лексикалық қор және байланыстырып сөйлеу жүйесі дамиды. Алайда ПДТ балаларда бұл процестер жүйесіз әрі баяу сипатта өтеді [1, 74 б.]. Сондықтан түзету жұмысы баланың жас ерекшеліктерін және психофизиологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс. Психологиялық-педагогикалық теорияларда ойын әрекеті мектепке дейінгі жастағы баланың жетекші іс-әрекеті ретінде қарастырылады. Л.С. Выготский ойын барысында баланың «жақын даму аймағы» кеңейіп, әлеуметтік тәжірибені меңгеру жүзеге асатынын дәлелдейді [2, 34 б.]. Ал А.Н. Леонтьев ойын әрекетін тұлғаның санасы мен психикалық дамуының негізгі механизмі ретінде сипаттайды [3, 118 б.]. Бұл тұжырымдар логопедиялық жұмыста ойын әдістерін қолданудың ғылыми-теориялық негізін айқындайды.

Осылайша, психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін ойын әдістері арқылы түзету мәселесі қазіргі педагогика мен логопедия ғылымындағы өзекті бағыттардың бірі болып табылады [2,34-36 б]Бұл ерекшеліктер олардың сөйлеу тілінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді және арнайы ұйымдастырылған логопедиялық көмекті талап етеді.Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың сөйлеу тілінің ең қарқынды дамитын кезеңі. Осы уақытта фонематикалық қабылдау, дыбыстық мәдениет, сөздік қор, грамматикалық құрылым және байланыстырып сөйлеу қалыптасады. [1,52-74 б ]Алайда ПДТ балаларда бұл процестер баяу және жүйесіз дамиды. Ғылыми еңбектерде ПДТ балалардың сөйлеу тілінде дыбыстарды алмастыру, бұрмалау, сөздік қордың шектеулілігі, жалпылау

ұғымдарының әлсіздігі және сөйлем құрылымының қарапайымдылығы жиі кездесетіні көрсетілген [1, 52 б.].

ПДТ балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстар олардың танымдық процестерінің жеткіліксіз дамуымен тығыз байланысты. Зейіннің тұрақсыздығы, есте сақтау көлемінің аздығы, логикалық ойлаудың әлсіздігі тілдік материалды меңгеруді қиындатады [4,356]. Сонымен қатар эмоционалдық-еріктік саладағы тұрақсыздық баланың қарым-қатынас белсенділігінің төмендеуіне әкеледі. Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясына сәйкес, баланың психикалық дамуы әлеуметтік ортада жүзеге асады және ересек адамның бағыттаушы көмегі арқылы іске асады [2,10 б]. Ол мектепке дейінгі кезеңде ойын әрекетін жетекші әрекет ретінде қарастырған. Ойын барысында бала әлеуметтік тәжірибені меңгеріп, тілдік қатынасқа белсенді түседі, жаңа ұғымдарды игереді [2, 34 б.].

Сондықтан логопедиялық түзету жұмысын ойын технологиялары негізінде ұйымдастыру – ғылыми тұрғыдан негізделген тәсіл. ПДТ балалармен логопедиялық жұмыстың негізгі ерекшеліктерінің бірі – кешенділік. Сөйлеу тілін түзету жұмысы тек дыбыс қоюмен шектелмейді, ол танымдық процестерді, ұсақ моториканы, есту және көру қабылдауын, коммуникативтік дағдыларды дамытуға бағытталуы тиіс. [1,886] Жүйелі түрде ұйымдастырылған ойын әрекеті осы міндеттердің барлығын бір мезгілде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. [2,34 б] Логопедиялық жұмыстың кезеңдері: бастапқы диагностика, жеке түзету бағдарламасын құру, жүйелі түзету-дамыту сабақтарын өткізу және нәтижені бағалау. [1,92 б] Диагностика барысында баланың сөйлеу тілінің барлық компоненттері жан-жақты зерттеледі. Нәтижесінде жеке түзету маршруты жасалады. [4,61 б]

Фонетикалық-фонематикалық бағытта ойын әдістері ерекше тиімді. «Қай дыбыс жоғалды?», «Дыбысты тап», «Қай сөз артық?» ойындары фонематикалық естуді дамытуға ықпал етеді [4,75 б]. Артикуляциялық жаттығуларды ертегі кейіпкерлерімен байланыстыру баланың қызығушылығын арттырып, сөйлеу аппаратының қозғалысын жетілдіреді. Лексикалық бағытта сөздік қорды байыту, сөз мағынасын нақтылау, жалпылау ұғымдарын қалыптастыру жүзеге асырылады. «Дүкен», «Аурухана», «Отбасы», «Саяхат» сияқты сюжеттік-рөлдік ойындар сөздерді белсенді қолдануға мүмкіндік береді [1,82-1126]

Балалар заттарды сипаттауға, салыстыруға, жалпылауға үйренеді. Грамматикалық құрылымды қалыптастыру барысында сөйлем құрастыру, сөздерді байланыстыру, септік жалғауларын, көптік формаларды қолдану дағдылары ойын әрекеті арқылы бекітіледі. Бұл әдіс грамматикалық формаларды табиғи ортада меңгеруге жағдай жасайды. Байланыстырып сөйлеуді дамытуда сурет бойынша әңгіме құрастыру, ертегіні жалғастыру, драматизациялау, мазмұндау әдістері қолданылады. Бұл тәсілдер монологтық және диалогтық сөйлеуді жетілдіреді [3, 118б]. Логопед бағыттаушы сұрақтар қою, үлгі көрсету, сөйлеуді модельдеу әдістерін қолданады. А.Н. Леонтьевтің әрекет теориясы бойынша ойын әрекеті баланың тұлғалық және когнитивтік дамуына ықпал етеді [3, 118 б.].

Ойын барысында бала әлеуметтік рөлдерді меңгереді, тілдік қатынасқа түседі, коммуникативтік дағдыларын дамытады. [3,118б] Сонымен қатар қазіргі кезеңде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ойын әдістерімен ұштастыру тиімді нәтиже береді. Интерактивті жаттығулар, дыбыстық тренажерлар, мультимедиялық ертегілер балалардың зейінін тұрақтандырып, сөйлеу белсенділігін арттырады. ПДТ балалармен жұмыс барысында эмоционалдық қолдау маңызды рөл атқарады. Баланың жетістігін мадақтау, жағымды кері байланыс беру, жетістік жағдайын жасау оның өзіне деген сенімін қалыптастырады. [4,356] Ойын арқылы ұйымдастырылған сабақтарда бала өзін еркін сезінеді және сөйлеуге белсенді қатысады. Практикалық тәжірибе көрсеткендей, ойын технологияларын жүйелі қолдану нәтижесінде ПДТ балалардың сөздік қоры кеңейеді, грамматикалық құрылымды қолдану сапасы жақсарады, байланыстырып сөйлеу деңгейі артады, әлеуметтік бейімделуі жеңілдейді [4, 34 б]. Қорытындылай келе, психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін ойын әдістері арқылы түзету – ғылыми негізделген, кешенді және нәтижелі педагогикалық технология. Жүйелі ұйымдастырылған ойын әрекеті баланың сөйлеу, танымдық және әлеуметтік дамуына оң ықпал етеді [2, 34-366,37,3, 118б].

Жүргізілген ғылыми-теориялық талдау және логопедиялық тәжірибені жүйелеу психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін түзету үдерісі көпқырлы, кешенді және жүйелі педагогикалық ықпал етуді талап ететінін айқындады. ПДТ балалардың сөйлеу тіліндегі бұзылыстар оқшау феномен ретінде емес, олардың танымдық процестерінің жеткіліксіз дамуымен, эмоционалдық-еріктік тұрақсыздығымен және коммуникативтік мотивациясының әлсіздігімен өзара тығыз байланыста көрініс береді [1,52-746,4,356]. Осыған байланысты логопедиялық жұмыс сөйлеудің құрылымдық компоненттерін (фонетика-фонематикалық жүйе, лексика, грамматика, байланыстырып сөйлеу) түзетумен қатар, баланың когнитивтік және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталуы тиіс. Мектеп жасына дейінгі кезеңде ойын әрекеті жетекші іс-әрекет ретінде баланың психикалық дамуының негізгі механизмі болып табылады. Л.С. Выготскийдің «жақын даму аймағы» тұжырымдамасы ойын барысында баланың әлеуметтік мүмкіндіктерін іске асыруға жағдай жасалатынын дәлелдейді [2,34-36 б].

Бұл теориялық қағида логопедиялық түзету жүйесінде ерекше мәнге ие, өйткені ойын баланың сөйлеу әрекетін табиғи қарым-қатынас жағдайында белсендіруге мүмкіндік береді. Ойын барысында тілдік бірліктер функционалды қолданысқа түсіп, олардың мағыналық және грамматикалық құрылымы

тәжірибелік жолмен меңгеріледі. А.Н. Леонтьевтің әрекет теориясы ойын әрекетінің тұлғаның когнитивтік және әлеуметтік дамуындағы жүйекұраушы рөлін айқындайды [3, 1186]. Осы тұрғыдан алғанда, ойын әдістерін логопедиялық жұмыста қолдану тек түзету құралы ғана емес, баланың әлеуметтік тәжірибені игеруінің және коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуының психологиялық-педагогикалық негізі болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, ойын технологияларын жүйелі енгізу ПДТ балалардың фонематикалық қабылдауын жетілдіруге, сөздік қорын кеңейтуге, грамматикалық құрылымды меңгеру сапасын арттыруға және байланыстырып сөйлеуін дамытуға оң ықпал етеді [4, 61-75 б].

Зерттеу нәтижелерін жинақтай келе, ойын әдістерін мақсатты, кезенді және даралық-бағдарлы түрде ұйымдастыру логопедиялық жұмыстың тиімділігін арттыратыны анықталды. Әр баланың сөйлеу ақауының құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып құрылған жеке түзету бағдарламасы тұрақты оң динамикаға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ойын арқылы ұйымдастырылған сабақтар баланың ішкі мотивациясын күшейтіп, сөйлеуге деген психологиялық тосқауылдарды азайтады, бұл коммуникативтік белсенділіктің артуына жағдай жасайды. [1, 88-92б]

Практикалық тұрғыдан алғанда, ұсынылған тәсіл логопедиялық қызметті ұйымдастырудың мазмұнын жаңғыртуға, инклюзивті білім беру жағдайында ПДТ балалармен жұмыстың тиімді моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ойын технологияларын ақпараттық-коммуникациялық құралдармен интеграциялау түзету-дамыту жұмысының сапасын арттырудың перспективалы бағыты ретінде қарастырылуы мүмкін. [4, 61б] Болашақ зерттеулерде ойын әдістерін қолданудың ұзақ мерзімді нәтижелілігін эмпирикалық тұрғыда талдау, түрлі жас ерекшелік топтарындағы ПДТ балалардың сөйлеу дамуына әсерін салыстырмалы зерттеу және цифрлық ойын технологияларының түзету әлеуетін бағалау өзекті бағыттардың бірі болмақ. Осылайша, психикалық дамуы тежелген мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін ойын әдістері арқылы түзету – теориялық тұрғыдан негізделген, тәжірибелік тиімділігі дәлелденген және инклюзивті білім беру талаптарына сәйкес келетін педагогикалық жүйе болып табылады. Жүйелі ұйымдастырылған ойын әрекеті сөйлеу дамуын қамтамасыз етумен қатар, баланың тұлғалық, танымдық және әлеуметтік бейімделуіне кешенді түрде ықпал етеді [2, 34-36 б, 3, 1186].

Әдебиет:

1. Жұмабекова Ф.Н. Логопедия негіздері. – Алматы: Білім, 2018. – 256 б.
2. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М.: Просвещение, 1991. – 93 с.
3. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975. – 304 с.
4. Мастюкова Е.М. Дети с задержкой психического развития. – М.: Владос, 2007. – 192с.

**Суртебаев Б.С.**, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова, факультет физической культуры и спорта, гр. М2-ФКиС 25-2р, магистрант  
(*Научный руководитель — к.б.н., асис..проф. Кузнецова Л.С.*)

## **ОСОБЕННОСТИ МОТИВАЦИИ ЮНОШЕЙ, ЗАНИМАЮЩИХСЯ ДЗЮДО В УСЛОВИХ СПОРТИВНОГО ИНТЕРНАТА-КОЛЛЕДЖА**

Современные боевые искусства предъявляют высокие требования к уровню физической, технической, тактической и психологической подготовленности спортсменов. В дзюдо достижение высоких спортивных результатов связано не только с развитием физических качеств и техники, но и с формированием устойчивой внутренней мотивации к тренировочной и соревновательной деятельности [1].

Особую значимость данная проблема приобретает в условиях обучения спортсменов в спортивном интернате-колледже, где подростки находятся в системе постоянной подготовки, совмещающей учебную и спортивную деятельность. Организация учебно-тренировочного процесса в специализированных спортивных учреждениях предполагает системность и комплексность подготовки спортсменов. В таких условиях мотивация выступает важнейшим фактором, определяющим уровень включённости в тренировочный процесс, дисциплину, стремление к самосовершенствованию и достижению высоких результатов [2].

Подготовка к соревнованиям требует от спортсменов совершенствования специальных навыков, тактического мышления, а также значительных физических и эмоциональных усилий. Именно мотивация выступает внутренней движущей силой, которая направляет активность спортсмена и способствует устойчивости его спортивной деятельности [3].

Несмотря на достаточную разработанность вопросов мотивации в спорте в целом, особенности формирования мотивационной направленности у дзюдоистов, обучающихся в специализированных спортивных учреждениях, остаются недостаточно изученными. Это определяет необходимость более детального анализа интереса, направленности и уровня включённости спортсменов в тренировочно-соревновательную деятельность.

Цель исследования заключалась в изучении особенностей спортивной мотивации дзюдоистов, обучающихся на базе спортивного интерната-колледжа 13-19 лет.